



**Павлодар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 шілдедегі "Павлодар ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін бекіту туралы" № 223/7 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 77/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 10 наурызда № 7222 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 12 наурыздағы № 128/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар ауданы әкімдігінің 12.03.2024 № 128/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 шілдедегі "Павлодар ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін бекіту туралы" № 223/7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4655 тіркелген, 2015 жылғы 20 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 6-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 8-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар ауданының әкімі*

*Ж. Шугаев*

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 1 наурыздағы  
№ 77/3 қаулысына  
1-қосымша  
Павлодар ауданы әкімдігінің

**Шаңды, Красноармейка станциясы ауылдарында тұратын балаларды Кеменгер орта жалпы білім беру мектебіне тасымалдау схемасы**




**Шартты белгілер:**



- Кемеңгер орта жалпы білім беру мектебі



- ауыл



- автобустың маршруты

L

- ауылдан мектепке дейінгі қашықтық



- темір жол




- темір жол өткелі




Павлодар ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 1 наурыздағы  
№ 77/3 қаулысына  
2-қосымша

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы 29 шілдедегі  
№ 223/7 қаулысына  
8-қосымша

**Мичурин, Үміт апа ауылдарында тұратын балаларды Мичурин орта жалпы білім беру мектебіне тасымалдау схемасы**



**Шартты белгілер:**

-  - Мичурин орта жалпы білім беру мектебі
-  - ауыл
-  - автобустың маршруты
- L - ауылдан мектепке дейінгі қашықтық